



**БОГАТЫРЬ
КӨМІР**

Еңбеккерлер мерейі

Тасыған күн

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні қарсаңында «Самұрық-Энерго» АҚ мен ресейлік «РусАЛ» компаниясының бірлескен кәсіпорны болып табылатын «Богатырь Көмір» компаниясының кеншілері өзгеше тарту жасады: осы күні көмірдің мерейтойлық 1,5 миллиардыншы тоннасын өндірді.



1,5 миллиардыншы тонна көмір тиелген жүк пойызы

Аталмыш шара салтанатты жиынмен жалғасын тапты. Кеніштің бас директоры Серік Жұматайұлының сөзімен айтсақ, «Богатырьдің» басты байлығы – оның еңбеккерлері. Осы күні «Богатырь Көмір» ЖШС-і мен «Богатырь» кенішінің еңбеккерлері түрлі дәрежедегі марапатқа ие болды. Атап айтар болсақ: «Көмір өнеркәсібінің құрметті жұмыскері» атағына жолшы Б.Жағыпаров, экскаватор машинисі А.Омельницкий, экскаватор машинисінің көмекшісі Н.Сигнеев ие болды; I дәрежелі «Шахтер даңқы» белгісімен аға механик Г.Агибалов, электр механик А.Пастухов, бульдозер машинисі И.Шатров; II дәрежелі «Шахтер

Дария ЕРҒАЗИНА

Кеніш тарихына бойласақ, 1970 жылдың 30 қарашасында КСРО Көмір өнеркәсібі министрлігінің бұйрығымен бұрынғы Ертіс кеніші «Богатырь» кеніші деген жаңа атауды иеленді.

1983 жылы желтоқсанда «Богатырь» кеніші 50 миллионыншы тонна көмірді өндіруге қол жеткізеді.

1997 жылдың 6 қарашасында көмірдің миллиардыншы тоннасы өндіріліп, тұтынушыларға жіберіледі.

Ал үстіміздегі жылдың 27 қарашасында «Богатырь Көмір» ЖШС-нің құрылғанына 45 жыл толды.

Компания көмірді ашық әдіспен өндірумен айналысады. Оның үлесіне Екібастұз көмір алабында өндірілетін көмірдің 60 пайызы тиесілі. «Богатырь Көмір» ЖШС-і көмірінің баланстық қоры 3 млрд. тоннаны құрайды. Кәсіпорынның өндірістік

электр станциясына және Ресей Федерациясының 5 электр станциясына жеткізіледі. «Богатырь» көмірінің ірі тұтынушылары: «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1 станциясы» ЖШС-і, «Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ-ы, Алматы және Қарағанды Жылу электр орталықтары, Астана мен Петропавл ЖЭО-тары, сондай-ақ ресейлік Рефтинск, Жоғары Тагиль, Серовск, Троицк МАЭС-тері мен Курган жылу орталықтары.

Көмір алабында «Богатырь Көмір» кенішінің көмір алабында «Самұрық-Энерго» АҚ мен ресейлік «РусАЛ» компаниясының, «Богатырь Көмір» ЖШС-нің басшылары мен кеніш жұмыскерлерінің қатысуымен митинг өтті.

Алғашқылардың бірі болып сөз алған кеніштің бас директоры В.Щукин



«Богатырь» кенішінің директоры С.Макаров және «Богатырь Көмір» ЖШС-нің бас

қуаты - жылына 42 млн. тонна. Көмір жиналғандарды айрықша оқиғамен

директоры В.Щукин дала сахнасында



Марапаттау сәтінен

қыртыстарының қолайлы геологиялық орналасуы көмірді өте аз пайдалану шығынымен өндіруге мүмкіндік береді. Көмірді өндіру және тиеу жұмыстарын түрлі маркалы роторлы, ЭКГ сериялы бір шөмішті экскаваторлар, «Liebherr» фирмасының гидравликалық экскаваторлары, сондай-ақ, «Caterpillar», «Komatsu», «БелАЗ» фирмаларының ауыр жүк самосвалдары атқарады. Өндіру үдерісіне «ТАКРАФ» германиялық фирмасының конвейер желілері мен қайта тиегіштері пайдаланылады.

Ағымдағы жылдың соңғы он айында «Богатырь Көмір» ЖШС-і кеншілері 27 014 мың тонна көмір өндірді. Тұтынушыларға оның 26 945 мың тоннасы жөнелтілді. Жылдың соңына дейін көмір өндіру көлемі 34 млн. тоннаны құрайды.

Кеніштердің энергетикалық шикізаты Қазақстан Республикасының 13

құттықтай келе:

– Бұл оқиға - «Богатырь» кеніші мен Қазақстанның отын-энергетикалық саласы үшін маңызды тарихи кезең. Кеніш еңбеккерлері 45 жылда биік асуларды алды. Осы аралықта еңбек әулеті қалыптасты. Кеніштің дамуына үлес қосқан ардагерлердің қажырлы еңбегіне басымызды иеміз. Бүгінгі өндірілген 1,5 миллиардыншы тонна көмір – бірнеше буынның табысты

еңбегінің нәтижесі. Аты аңызға айналған кеніштің кезекті еңбек жылнамасының алтын парағы 1,5 миллиардыншы тонна көмір өндірумен толықты,- деді.

Сонымен бірге, «Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасының бірінші орынбасары Қаныш Молдабаев, ресейлік «РусАЛ-дың» Қазақстандағы басқармасының басшысы Василий Смирнов, қала әкімі Александр Вербняк, кеніш ардагері Александр Овсянников, тіркеу агрегатының машинисі Жұмахан Мыңбаев өз сөздерінде айтулы күннің маңыздылығына тоқталды.

Дала сахнасына «Богатырь» кенішінің директоры Серік Макаров көтеріліп, жауапты сәттің жеткенін хабарлады. Ол рация арқылы көмір тиеген жүк вагондарын жөнелтуге рұқсат берді. Көмірдің 1,5 миллиардыншы тоннасын тиеу құқығына SRs (K)-2000M маркалы №1146 роторлы экскаваторының машинистері Анатолий Подзюбан және Қызыр Тұрлыбаев ие болды.

даңқы» белгісімен экскаватор машинисі А.Рыбальченко, экскаватор машинисі С.Сычев, экскаватор машинисінің көмекшісі В.Шишов; III дәрежелі «Шахтер даңқы» белгісімен экскаватор машинисінің көмекшісі Т.Әкішев, экскаватор машинисі С.Донских, жарғыш В.Печеный; I дәрежелі «Еңбек даңқы» белгісімен бульдозер машинисі Д.Бәйтеков; III дәрежелі «Еңбек даңқы» белгісімен аға жол мастері Р.Бәкенова, автокөлік жүргізушісі Қ.Құспеков, компрессорлы қондырғы машинисі Н.Подзюбан марапатталса; көтергіш машина машинисі Е.Анискина облыс әкімінің Алғыс хатымен; бульдозер машинисі С.Құрмашев және компрессорлы қондырғы машинисі Г.Петрова қала әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Осы күні «Богатырь» кенішінің бірқатар озаты «Еңбек ардагері» медалін өңірлеріне қадады.

Суреттерді түсірген В.Фадеев



Митингіге қатысушылар